

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ. КОЛЛЕДЖ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ  
ФАКУЛЬТЕТ ДОВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ. КОЛЛЕДЖ



## ҚАЗАҚСТАН БІЛІМДІ ҚОҒАМ ЖОЛЫНДА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжінің  
10 жылдығына арналған  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжі және  
Алматы қаласының колледж оқытушыларының  
ғылыми-әдістемелік мақалаларының жинағы

## КАЗАХСТАН НА ПУТИ К ОБЩЕСТВУ ЗНАНИЙ

Сборник научных и методических статей  
преподавателей колледжа КазНУ им. аль-Фараби и  
колледжей г. Алматы, приуроченный  
к 10-летию образования колледжа  
КазНУ имени аль-Фараби

Алматы 2012

- уровневая дифференциация даёт возможность успевающим обучающимся развивать свои способности к отдельным дисциплинам;
- использование уровневой дифференциации в обучении обеспечивает каждому обучающемуся базовый уровень подготовки.

*Список использованной литературы:*

1. Селевко Г.К. «Современные образовательные технологии»
2. Статъя «Особенности уровневой дифференциации» Коноплева Юлия Владимировна, преподаватель математики

**“Кәсіптік қазақ тілі” пәнін оқытудың тиімді технологиялық талаптары**

*Тойғанбекова Майра Шодановна, Әл - Фараби атындағы  
ҚазҰУ колледжінің оқытушысы*

Қазіргі компьютерлік техниканы коммуникативті тіл үйрету әдісімен және кәсіптік-мамандыққа баулу тұрғысында ұсына отырып, әдістемелік нұсқау бөлімін мына мақсаттарға құруға болады: тіл дамыту бағдарламасын тандай білу және оны іске асыру қабілетін жетілдіру; тілдік материалды мамандыққа байланысты лексикалық блок материалдарына, логикалық- семантикалық принцип негізінде байланыстыра отырып, қажеттілігіне сай үйрету; терминдер, терминологиялық сөздік, т.б. түрлерімен жұмыс жүргізу тәсілдерін жетілдіру; күнделікті өмірде, қызмет-кәсіпте қажетті ауызекі сөйлеу тілінің функционалды жүйелерін қолдануды оқыту.

Орта кәсіптік оқу орындарында кәсіптік қазақ тілі пәні арқылы кәсіптік бедел мен абыройға жеткізуде оқушылардың өзін тұлға ретінде дамытуға деген қажеттілігін түсіндіру, үйрету, дамыту мәселесі де қойылып отыр. Тілдік қатынас пен қатысым және оны кәсіби тұрғыдан қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып кәсіптік парыз бен жауапкершілікті сезінуге жетелеу жұмысы – негізгі істердің бірі болып табылады.

Оқытушы білім берудегі оқыту, үйрету, іскерлік дағды ережесін басшылыққа алып, теориялық және практикалық дайындығын жетілдіріп отырады белгілі.

Педагогикалық технологияның білім беру жүйесінің жобасын үшке бөлуге болады. Олар: тәрбиелеу, оқыту, қарым-қатынас. Ал, оқыту жүйесінің пәндік бағыттағы оқыту технологиясы мен тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы тәжірибеде кездеседі.

Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық технологиялар саны жеткілікті әзірленген. Оларды пайдалану барысында республикамызда адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы – жоғары құндылық болып табылады.

Оқушылардың еркін сөйлесу нәтижесінде өздерінің бұған дейін алған фонетикалық, лексикалық және грамматикалық білімдерін жиынтығын көрсетеді.

Кәсіптік қазақ тілін меңгертудің көп қиыншылықтары кездесетіні рас. Соның бірі – мәтін мазмұнын баяндап беру. Бұл қиындықты жеңілдету үшін

мәтін мазмұнын топқа бөліп жұмыс жүргізу жақсы нәтиже береді. Мәтін төрт топқа (А,В,С,Д) бөлініп беріледі. Әр топ өздеріне берілген мәтін бөлігінің мазмұнын айтып береді, бүкіл мәтін мазмұны айтылған соң, оған байланысты сұрақтар қойылады.

Қазақ тілінің кәсіби бағытында: *толық меңгерту технологиясы; деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы; модульдеп оқыту технологиясы; бағдарламалап оқыту технологиясы; жеделдеп оқыту технологиясы және жобалап оқыту технологиясы. Жобалап оқыту технологиясы дәстүрлі сабақтардан айырмасы бар. Жобалы сабақты дайындау, өткізу оқытушылардан да, оқушылардан да шығармашылық ізденісті, көп күш-жігер және уақыт талап етеді. Жобалы сабақтарда оқушылар белсенді болады, яғни оқытушы не айтады деп күтіп отырмай, өздері іздейді, зерттейді, таңдайды, шешеді, жасайды, басқа білімгерлермен, мамандармен бірігіп жұмыс істейді. Оқытушы дәстүрлі сабақтардағыдай аудиторияда информация беретін жалғыз адам болмай, осы жұмыстарды іздеу кезінде оқушыларға кеңес беріп көмектеседі, яғни алға қойған мақсатқа жету үшін оқытушы мен оқушы бірігіп жұмыс істейді.*

Сонымен жобалы сабақ деген не? Жобалы сабақ бұл алдын-ала жоспарланған, алдына қойған мақсаты бар сабақтың ерекше бір түрі. Толық меңгерту технологиясы лексикалық- әрі мамандыққа байланысты іріктелген оқу материалдарын әуелі түсініп оқу, орыс тіліндегі баламасымен қайта түсініп оқу, сөздікпен аударма жасау, осы мәтін мазмұнына орай қосымша сілтеме, анықтағыш әдебиеттермен жұмыс жүргізу, сөйлем түрлеріне қарай грамматикалық материалдарды таңдау ұстанымдарын қолдану дұрыс. Сонымен бірге мамандық, кәсіпке сай қарым-қатынасқа қажетті грамматикалық форма, құрылымды пайдалана отырып, сөйлеуге керекті сөйлем түрлерін құрастыру қарастырылады.

### **Модульдеп оқыту технологиясы**

*Модуль дегеніміз- іріленген дидактикалық бірлік. Модуль- латынның – “өлшем”, “шама”, “мөлшер” деген сөзі.*

Оқу процесінде модульді жүйені пайдалану қазіргі таңда студенттерге ұсынылып жатқан көлемді материалдарды қысқартуға және жеделдетуге жол ашады.

### **Бағдарламалап оқыту технологиясы**

Бұл оқыту технологиясы көбінесе техникалық оқу пәндеріне қолайлы. Жоғарыда аталған мақсатқа, міндетке, принциптерге негізделген тиімді. Сөйтіп сабақтардың өзара байланысты тақырыптары бойынша шоғырландыру. Мұнда басты мақсат- тіл үйретудің табысты жүзеге асырылуына бағындырылған (сөйлеу мен жазу) да тиімді қарастырылады.

### **Дидактикалық бірліктерді ірілендіру**

Дидактикалық бірліктерді ірілендіру идеясын (ДБІ) “ғасыр идеясы” дей келіп, осы салада қырық жылдан астам еңбек еткен профессор Эрдниев Пюрвя Мучкаевичтің жұмыстары Германияда, Жапонияда, Болгарияда, АҚШ-та жарияланған. Дидактикалық бірліктерді ірілендіру принциптерін тіл дамыту арқылы жүргізуге болады.

*Тіл дамыту дегеніміз*- оқушыны тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқа адамға еркін әрі толық жеткізуге үйрету. Сол сияқты әңгімелесушінің (тыңдаушының) айтқанын түсінуге баулу болып табылады.

Сөйлеу жаттығулары тілдік жаттығуларда меңгерген тілдік материалды керек кезінде айтылған ойға байланысты орынды қолдана алуын көздейді. Ол қарым- қатынас жасауға бағытталады:

- Сұраққа дұрыс жауап беру;
- Сұрақ қоя білу;
- Сөйлем үлгілерін дұрыс пайдалана білу;
- Аударма жасау, сөздікпен жұмыс;
- Шығарма жазу;
- Ситуациялық жағдайларда сөйлеу білу, т.б.

*Тілдік материалдарды мамандыққа байланысты лексикалық блок мәтіндеріне сәйкестен үйрету.*

Техникалық мамандарды дайындау мәселелерінің бірі- маман ретінде кәсібін ғана игеріп қана қоймай, олардың түсінігі қазіргі заманғы ғылыми- техникалық өзгерістерімен деңгейлес болуы керек, бұл үшін білім берудің жаңаша технологияларын меңгеру, халықаралық стандартқа сай мамандар даярлау мәселесі қойылды. Бүгінгі инженер, технолог, кіші техникалық маман ғылыми- техникалық өзгерістермен деңгейлес болу үшін кәсіби қазақ тілін, оның лексикалық мәтіндерін, сөз ауқымын білуі тиіс.

Ұсынылған лексикалық мәтін (хабарлау, түсіндіру, мақұлдау, айыптау, сендіру) орындауға үйретуді көздейді.

Бұл кезеңде негізгі оқу элементі ретінде *мәтін* алынады. Оқу мақсатына кәсіптік міндетті атқаруға тиісті *ықшам мәтін, сөйлесу мәтіні, танымал мәтіндері* алынады.

#### **Диалог:**

- кәсібі практикада өту кезінде сөйлеу, түсіні білу;
- өндірістегі шебермен сұбхат жасау;
- мамандық әлеміне саяхат;
- мамандығына байланысты сөйлесушінің сауалына жауап беру.

#### **Монолог:**

- кәсібіне байланысты өз ойын жүйелі, дәлелді, тиянақты жеткізуге үйрету;
- дипломдық жобалауды, практика туралы есеп беруде кәсіби қазақ тілін пайдалану.

*Терминдер, терминологиялық сөздік, т.б. түрлерімен жұмыс жүргізу тәсілдері.*

Ғылыми және техникалық терминдерді дұрыс және түсініп қолдануда студенттердің мамандығына қатысты мәтіндерді әр түрлі мақсатта қолданып, кәсіби қазақ тілін оқуға қызығышулығын арттыруға болады.